**2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың:

373 , 374 , 375 , 375-1 , 376 , 377 , 378-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2008 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы 1224 қаулысына
373-ҚОСЫМША

**603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 587067 мың теңге (бес жүз сексен жеті миллион алпыс жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 22-бабы ; " Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 21, 24-баптары ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабы ; "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 8-бабы ; "Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30

қарашадағы N 1155-1 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды сатып алудың (сатудың), тіркеудің, жобалаудың, салудың (орнатудың) пайдаланудың және шетелден әкелудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қазандағы N 1293 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін радиосәуле шығаратын құралдардың деректерін есепке алудың бірыңғай жүйесін құру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 114 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында ақпараттандыру және байланыс салаларының кезеңмен дамуы және жетілуі.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : халықаралық тәжірибені зерттеуге және халықаралық стандарттарды енгізуге негізделген байланыс және ақпараттандыру салаларының нормативтік құқықтық негізін жетілдіру;

өзінің қызметтік міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, іскерлікті және кәсіби дағдыны шыңдауды жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Ақпарат-тандыру және байланыс саласын-дағы уә-кілетті органның қызметін қамтама-сыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Байланыс және ақпарат-тандыру саласының нормативтік-құқықтық | Жыл бойы | Қазақстан Респуб-ликасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | негізін жетілдіру; өз құзыреті шегінде қызмет түрлерін лицен- зиялау; байланыс және ақпараттандыру саласындағы және радиожиілік өрісін пайдаланудағы жеке және заңды тұлғалардың қызметіне мемлекеттік техникалық бақылау мен қадағалауды қамтамасыз е т у ; радиожиілік өрісінің мониторингінің толық түрде қызмет ететін жүйесінің құрылуы; мемлекеттік органдар- дың Ақпараттық-теле- коммуникациялық ресур- стардың мемлекеттік тіркелімін сүйемелдеу; ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің қызметін техникалық қ о л д а у ; деректер беру желілеріне қол жеткізу жөніндегі және теле- фондық қызметтер үшін абоненттік және жалдық төлемдерді қамтитын ақпараттық-телекомму- никациялық жүйелерін сүйемелдеу; 1 тақырып бойынша нормативтік құқықтық құжаттар әзірлеу: 1) *(алынып тасталды)* ; 2) радиожиілік спект- рін пайдалануды үйлестіру бойынша зерттеуді аяқтау. | | Ақпарат- тандыру ж ә н е байланыс агенттігі |
| 3 | | 002 | Аумақтық орган- дардың аппарат- тары | Байланыс және ақпарат- тандыру саласының нормативтік-құқықтық негізін жетілдіру; өз құзыреті шегінде қызмет түрлерін лицензиялау; байланыс және ақпараттандыру саласындағы радиожиі- лік өрісін пайдалану- дағы жеке және заңды | Ж ы л бойы | Қазақстан Респуб- ликасы Ақпарат- тандыру ж ә н е |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тұлғалардың қызметіне мемлекеттік техникалық бақылау мен қадағалау-ды қамтамасыз ету; радиожиілік өрісінің мониторингінің толық түрде қызмет ететін жүйесінің құрылуы; компьютерлік және ұйымдастыру техникасы-на техникалық қызмет көрсету; деректер беру желі-леріне қол жеткізу жөніндегі және теле-фондық қызметтер үшін абоненттік және жалдық төлемдерді қамтитын ақпараттық-телекомму-никациялық жүйелерін сүйемелдеу. | | байланыс агенттігі |
| 4 | | 007 | Мемле-кеттік қызмет-шілердің білік-тілігін арттыру | Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту жөніндегі қызметтерді сатып алу. | Ақпан-жел-тоқсан | Қазақстан Респуб-ликасы Ақпарат-тандыру және байланыс агенттігі |
| 5 | | 009 | Мемле-кеттік орган-дарды матери-алдық-техни-калық жарақ-тандыру | Стационарлық пелен-гациялық кешенін; жылжымалы өлшеу-пелен-гациялық кешендерін; байланыс жүйелерін; өріс анализаторларын; аумақтық органдардың жабдықтарын Радиожиі-лік өрісінің монито-ринг орталығының орталық серверімен түйістіру үшін жүйелік жабдықтар жинағын; бағдарламалық қамта-масыз етулерді сатып алу.<br>Орталық және аумақтық органдардың қызметін материалды-техникалық қамту. | Жыл ішінде | Қазақстан Респуб-ликасы Ақпарат-тандыру және байланыс агенттігі |
| 6 | | 017 | Ақпарат-тық жү-йелердің жұмыс | Ақпараттық жүйелерді техникалық, техноло-гиялық және бағдарла-малық қамтамасыз ету; | Жыл ішінде | Қазақстан Респуб-ликасы Ақпарат- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | интернетке кіру қызметтері; компьютерлік техниканы сатып алу. | | тандыру және байланыс агенттігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: байланыс қызметі нарығының және ақпараттандыру саласының тиімді қызмет етуі үшін ақпараттық-коммуникациялық саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, байланыс операторларының қызметін реттеу және бақылау жүргізу, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заң мүдделерін, сонымен қатар мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау; мемлекеттік тілге орташа есеппен 47 адамды оқыту, ағылшын тіліне орташа есеппен 55 адамды оқыту.

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасы ақпараттық-коммуникациялық секторының тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: радиожиілік өрісін пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетті түсімдермен толтыру.

Бір мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік тілге оқытудың орташа шығыны - 16,1 мың теңге.

Бір мемлекеттік қызметшіні ағылшын тіліне оқытудың орташа шығыны - 13,7 мың теңге.

Уақтылығы: мемлекеттік органға жүктелген міндеттерді уақытылы орындау.

Сапасы: мемлекеттік тілге оқыту курсынан өткеннен кейін мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшетін мемлекеттік қызметшілердің үлесі орташа есеппен 60%-ды құрайды;

ағылшын тілге оқыту курсынан өткеннен кейін ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесі орташа есеппен 30%-ды құрайды;

радиожиілік өрісінің және радиоэлектрондық құралдарды заңсыз қолданушыларды, лицензиялық заңды бұзуларды кесіп өту және оперативті ашу, байланыс саласының қызметі нарығының және ақпараттандыру саласының мемлекеттік реттеуін дамыту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы

1224 қаулысына
374-ҚОСЫМША

**603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Радиожиілік спектрінің және радиоэлектрондық құралдардың мониторинг жүйесін техникалық сүйемелдеу" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 153389 мың теңге (бір жүз елу үш миллион үш жүз сексен тоғыз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өлшеулердің біркелкілігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 7 маусымдағы Заңы ; "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 5 шілдедегі Заңы ; "Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылдың 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : радиожиілік спектрі мониторингі жүйесі қызметінің үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : радиобақылау және радиоөлшегіш жабдықтарын, арнайы көлік, сондай-ақ радиобақылау пункттілерін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Радио-жиілік спектрі-нің және радио-элект-рондық құрал-дардың | Радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторин-гі жүйесін техникалық қамтамасыз етуін жүргізу: тұрақты радиобақылау пункттілерінің (бұдан әрі - ТРБП) жайларын | Жыл бойы | Қазақстан Респуб-ликасы Ақпарат-тандыру және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мони-торинг жүйесін техника-лық сү-йемелдеу | қорғау; ТРБП үшін жайларды жалға алу; арнайы көліктер үшін бокстарды жалға алу; азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру; коммуналды қызметтерді төлеу; электрлік энергияны төлеу; жылуды төлеу; ЖМЗ, өзге шығын заттарын сатып алу; байланыс қызметтері; штаттан тыс қызметкерлерге төлеу; өлшеу құралдарын тексеруден өткізумен байланысты іссапарлық шығындарды төлеу; өлшеу құралдарын метрологиялық қамтамасыз ету; радиожиілік спектрімен радиоэлектрондық құ-ралдардың мониторингі жүйесін қоғаммен инженерлік-техникалық қамтамасыз ету. | | байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: " Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамымен 12 тұрақты радиобақылау пунктілерін (ТРБП) техникалық қамтамасыз ету; өлшеу құралдарын тексеруден өткізу және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету.
Түпкі нәтиже: радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жүйесі қызметінің нақтылы жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
Қаржы-экономикалық нәтиже: 12 ТРБП қамтамасыз ету үшін кететін орташа шығын - 23 692 мың теңге, өлшеу құралдарын тексеруден өткізуге - 1 116 мың теңге, жылына мониторингтеу жүйесін инженерлік-техникалық қамтамасыз етуге - 128581 мың теңге.
Уақтылығы: жасасқан шарттарға сәйкес.
Сапасы: радиожиілік спектрі мен радиоэлектрондық құралдардың мониторинг жүйесінің қызметін пайдаланушылардың жұмыс сапалығымен қанағаттандырылуы.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
1224 қаулысына
375-ҚОСЫМША

**603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің
жұмыс істеуін қамтамасыз ету"
деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2794359 мың теңге (екі миллиард жеті жүз тоқсан төрт миллион үш жүз елу тоғыз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 5-бабы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторы туралы" 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 44 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 1155-1 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының "электрондық үкіметі" ақпараттық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымында ықпалдасқан мемлекеттік ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу және бағдарламалы-аппараттық құралдарға жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру, мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстардың өзара іс-қимылы мен бірыңғай коммуникациялық ортаны құру және техникалық қолдау, ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін жүргізуді техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ- | Бағдар-ламаның (кіші бағдар- | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дар-<br>лама<br>коды | ламаның)<br>атауы | | | Жауапты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | орындау-шылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Ведомст-воаралық ақпарат-тық жү-йелердің жұмыс істеуін қамтама-сыз ету | 1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу. 2. Жабдықтарға, жүйелер мен желілерге жүйелі-техникалық қызмет көрсету, оның ішінде алаңдарды жалға алу. 3. Жабдықтарға техни-калық қызмет көрсету оның ішінде жөндеу, диагностика, алдын алу. 4. Телекоммуникациялық қызметтерді сатып алу. 5. Сервер орталығының пайдаланушылық шығындары. 6. Мемлекеттік орган-дарда АТ-бөлімшелері-нің қызмет етуі. 7. Лицензияланған бағдарламалық қамта-масыз етуді сатып алу. 8. Техникалық құралдарды сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Респуб-ликасы Ақпарат-тандыру және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Электрондық үкімет шеңберінде құрылған ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің, сондай-ақ АТ-бөлімшелері мен мемлекеттік органдардың Серверлік орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
1224 қаулысына
375-1-ҚОСЫМША

*Ескерту. 375-1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.10.03* N 911 *Қаулысымен.*

**603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2008 жылға арналған**

**014 "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын**

**қалыптастыру" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 4 672 436 мың теңге (терт миллиард алты жүз жетпіс екі миллион төрт жүз отыз алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 1155-1 қаулысы ; "Арна Медиа" ұлттық ақпараттық холдингі, "Парасат" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі, "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 шілдедегі N 668 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Еліміздің ғылыми-технологиялық дамуы үшін төмендегідей жолдармен жағдайлар жасау: еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ұлттық масштабтың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын қалыптастыру және барлық азаматтарға, олардың әлеуметтік жағдайына, жасына және ақпаратқа бейімділігіне, ақпараттық-коммуникациялық-қызмет көрсетуіне қарамастан тең пайдалануына мүмкіндік беру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:**

Қазақстан Республикасының барлық аймақтарын қамтитын, облыстық және аудандық орталықтарын есепке ала отырып, сондай-ақ облыс қарамағындағы қалаларда ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымдар құру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру | Ұлттық масштабтың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын қалыптастыру мақсатында "Kazsatnet" ұлттық компаниясы" АҚ және "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ еншілес ұйымының жарғылық капиталын толықтыру үшін "Зерде" | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын қалыптастыру. | | байланыс агенттігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын толықтыру арқылы "Kazsatnet" ұлттық компаниясы" АҚ жарғылық капиталын толықтыру; Қазақстан Республикасы аумағының мемлекеттік органдарында спутниктік мультисервистік желіні пайдалануды ұйымдастыру және енгізу. Порталдар құру. Серверлік интернет-платформаларды құруға арналған жабдықтар сатып алу үшін "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ жарғылық капиталын толықтыру.

**Соңғы нәтиже:** Аумақтық бөлімшелерімен бірге орталық атқару органдардың ақпараттық жүйелердің біріктіруі. Орталық атқару органдардың және олардың аумақтық бөлімшелері арасында ведомствоаралық электрондық құжат айналымының іс-қимылы. Үш порталдың болуы және үзіліссіз орнықты жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалана отырып, халыққа мемлекеттік қызметтер ұсыну.

**Қаржылық—экономикалық нәтиже:**

Деректерді өңдеудің бірыңғай орталығы жабдық және персонал бойынша нығаюға тиімді болады. Мемлекеттік органдар үшін жабдықтарды сатып алу және аппараттық-бағдарламалық құралдарды сүйемелдеу қаражатты үнемдейді, сондай-ақ, мемлекеттік органдар өзінің жеке меншік серверлік үй-жайларын құруға шығындан байды.

**Уақыттылығы:** өндірістік жоспарға сәйкес іс-шаралардың орындалуы.

**Сапасы:** "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ құрамына кірген компаниялардың қызметінің тиімділігін арттыру; е-үкіметі ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті телекоммуникациялық ресурстарда мұқтаждықтарды қамтамасыз ету.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
1224 қаулысына
376-ҚОСЫМША

**603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Ауылдағы байланыс операторларының әмбебап байланыс қызметтерін ұсыну жөніндегі залалдарына өтемақы"

деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3882786 мың теңге (үш миллиард сегіз жүз сексен екі миллион жеті жүз сексен алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2004 жылғы 5 шілдедегі "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабы ; " Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 866 қаулысы ; "Халыққа телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын өтеу үшін телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1039 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауылдық елді мекендерде телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне және ақпараттық ресурстарға халықтың қол жетімділігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** ауылдық елді мекендерде, оның ішінде ауылдық елді мекендерді 2008 жылы телефондандыру бойынша қызмет көрсететін байланыс операторларының шығынсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдар-ламаның (кіші бағдар-ламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Ауылдағы байланыс оператор-ларының әмбебап байланыс қызмет-терін ұсыну жөнінде-гі залал-дарына өтемақы | Субсидиялау ережесіне сәйкес ауыл халқына телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін ұсыну бойынша ауылдық байланыс операторларының залалдарына өтемақы. | Жыл бойы | Қазақстан Респуб-ликасы Ақпарат-тандыру және байланыс агенттігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсетуші ауылдық байланыс

операторлары шығындарының өтемақысы 3 882 786 мың теңге көлемінде. Соңғы нәтиже: барлық 7 305 ауылдық елді мекендерде (100%) телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне ауыл тұрғындардың үздіксіз қолжетімділігін қамтамасыз ету және ауылда телефон тығыздығы көрсеткіштерін 9,45%-дан 10,3% жеткізу. Қаржы-экономикалық нәтижесі: ауылдық 1 абонентке шаққанда шығатын шығын есебінен төленген субсидияның көлемі жылына 5 928 теңге. Уақтылығы: жасасқан шарттарға сәйкес уақытылы субсидияларды төлеу. Сапасы: ауылдық абоненттердің телекоммуникацияның әмбебап қызмет көрсету сапасымен қанағаттануы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
1224 қаулысына
377-ҚОСЫМША

**603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Электрондық үкімет құру"
деген 112 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2919005 мың теңге (екі миллиард тоғыз жүз он тоғыз миллион бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2007 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы ; "Ақпараттандыру туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы ; "Қазақстан Республикасы сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімін жасау мақсатында жеке (заңды) тұлғаның бірыңғай нөміріне ( сәйкестендіру нөміріне (бизнес-сәйкестендіру нөміріне) көшу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 565 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 карашадағы N 1155-1 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік электрондық қызметтерге халықтың жедел және сапалы қол жеткізілімін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : е-үкімет инфрақұрылымының құрауыштарын қалыптастыру және мемлекеттік органдардың ақпараттық

инфрақұрылымын оңтайландыру;
"электрондық үкіметтің" қызметтеріне қол жеткізілімді қалыптастыру және қамтамасыз ету;
заманауи ақпаратты-коммуникациялық технологияларды пайдаланумен азаматтарға тиімді жаппай ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
"электрондық үкімет" инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
деректерді беру ашық желілері арқылы қорғалған электрондық төлемдерді жүзеге асыру мүмкіншілігімен әртүрлі банкалық төлем жүйелеріне мемлекеттік электрондық қызметтерді пайдаланушылардың сәйкестендірілген қол жеткізілім тетігін құру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 112 | | Электрондық үкімет құру | | | |
| 2 | | 100 | Мемлекеттік деректер базасын құру | 1. Жобаны басқару жөніндегі қызметтерді сатып алу, "Е-лицензиялау" МДҚ әзірлеу, дамыту және енгізу. 2. Жоба алдындағы зерттеу. 3. Е-лицензиялау ақпараттық жүйесін құруға Техникалық тапсырманы әзірлеу. 4. Техно-жұмыстық жобалау. 5. Жүйенің функционалдық моделін әзірлеу. 6. Пайдаланатын құжаттамаларды әзірлеу. 7. Е-лицензиялау порталының дизайны және ақпараттық толтыру. 8. Техникалық құралдарды сатып алу. 9. "Жылжымайтын мүлік тізілімі" МДҚ дамыту және енгізу жөніндегі қызметтерді сатып алу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 3 | | 102 | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру | 1. Қазақстан Республикасының "электрондық үкіметі" порталына бағдарламалық қамтамасыз етуді дамыту.<br>2. Рұқсат етілетін есеп саласында АБА АЖ құру.<br>3. Лицензиялы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу.<br>4. Техникалық құралдарды сатып алу.<br>5. Жүйенің аудиті.<br>6. Жобаларды басқару жөніндегі қызметтерді сатып алу.<br>7. *(алынып тасталды).*<br>8. *(алынып тасталды)* .<br>9. Халыққа қызмет көрсету орталықтары үшін Біріктірілген ақпарат жүйесін құру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 4 | | 106 | "Government to Government", "Government to Consumer" қызметтерін көрсететін кешенді жүйе құру | 1. Интернет-порталды дамыту.<br>2. Техникалық тапсырманы, техно-жұмыстық жобаны жетілдіру.<br>3. Оқыту, жобаларды басқару жөніндегі қызметтерді сатып алу.<br>4. "Электрондық қызметтердің порталы" модулін кеңейту және енгізу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді дамыту. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 5 | | 108 | Қазақстан Республикасы ұлттық біріздендіру жүйесінің ашық кілттер инфрақұрылымын жасау | Қазақстан Республикасы ұлттық сәйкестендіру ашық кілттерінің инфрақұрылымын құрудың үшінші кезеңін іске асыру:<br>1. Жобаны басқару.<br>2. Техникалық құралдарды сатып алу.<br>3. Лицензиялы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу.<br>4. Ұлттық куәландырушы орталығын дамыту.<br>5. Байланыс қызметін төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | | 109 | "Электрондық үкіметтің" инфрақұрылымын қорғау жүйесін құру | "Электрондық үкімет" инфрақұрылымын қорғау жүйесін құрудың үшінші кезеңін іске асыру: 1. Техникалық құралдарды сатып алу. 2. Лицензиялы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. 3. Қорғау құралдарын орнату және күйге келтіру жөніндегі қызметтер. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |
| 7 | | 112 | "Электрондық үкіметтің төлем шлюзі" автоматтандырылған жүйесін құру | 1. Веб-портал БҚ дамыту, жетілдіру, "Төлемді шлюз" қолданбалы БҚ әзірлеу. 2. *(алынып тасталды)* . 3. Техникалық құралдарды сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15* N 342 *, 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Рұқсат берілетін құжаттарды есепке алу саласындағы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің ақпараттық жүйесін пайдалануға енгізу. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мемлекеттік органдардың электрондық қызметтеріне бір нүктеден қол жеткізуді қамтамасыз ету. Интерфейстің, қауіпсіздікті және сенімділікті пайдаланушылық қарапайымдылығы ретінде осындай функционалдық емес талаптарды ескере отырып Қазақстан Республикасының адамзат әлеуетін дамытуға, Қазақстан Республикасы халқының ортасында Интернет желілерін пайдаланушылар санын арттыруға ықпал ететін Қазақстан Республикасында Интернет желісін пайдаланушыларының санын жоғарылататын веб-порталды әзірлеу; Мемлекеттік органдар үшін куәландырушы орталығының үзіліссіз жұмыстарын қамтамасыз ету, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын және ЭҚАБЖ қатысушыларына тіркеу куәліктерін беру; Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары үшін Ұлттық куәландырушы орталығын құрудың 3-ші кезеңін іске асыру: Ұлттық куәландырушы орталығының Резервтік жүйесін құру, 10 құру және 18 Тіркеу Орталықтарын дамыту; Е-үкімет ақпараттық инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігі қауіп-қатерін болжау, айқындау, ескерту мен болдырмау және олардың ықпал ету салдарын жою мүмкіншілігі. Жылжымайтын мүлік және оған құқықтар туралы орталықтандырылған дерекқор қалыптастыру. Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы рұқсат беру құжаттарын беру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15* N 342 *, 2008.06.13* N 581 *Қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
1224 қаулысына
378-ҚОСЫМША

**603 - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту"
деген 116 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 852952 мың теңге (сегіз жүз елу екі миллион тоғыз жүз елу екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ақпараттандыру туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы ; " Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** 1) Қазақстан Республикасының 14 облысында, Астана, Алматы қалаларында халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту;
2) бағдарламаны іске асырудың мониторингі жүйесін құру және мерзімдік талдауын жүргізу;
3) мамандандырылған оқыту орталықтарын құру және АТ-мамандардың біліктілігін арттыру;
4) Интернет желісінің қазақстандық сегментін толтыру мақсатында ақпараттандыру саласындағы ақпаратты-танымдық бағдарламаларды әзірлеу;
5) Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі Бағдарламасы іс-шараларының қоғамдық қолдауын қалыптастыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ- | Бағдар-ламаның (кіші бағдар- | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дар-<br>лама<br>коды | ламаның)<br>атауы | | | Жауапты | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | орындау-шылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 116 | | Электрондық үкімет шеңберінде адами капиталды дамыту | 1. Компьютерлік сауаттылыққа оқыту:<br>1) Компьютерлік сауаттылықтың күрделі деңгеймен деңгейлеріне сәйкес компьютерлік сауаттылықты растайтын құжатты әзірлеу;<br>2) Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту және сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, үйлестіру және бақылау жөніндегі жобаны басқару;<br>3) Қазақстанның өңірлерінде аймақтарында Интернет желісіне қол жеткізім қызметтер;<br>4) Қазақстан өңірлерінде техникалық жабдықтарға жүйелік техникалық қызмет (ТЖҚ) көрсету.<br>2. Бағдарламаны іске асырудың жай-күйінің мониторингі:<br>1) Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқытудың нәтижелерін талдау мониторингін жүргізу жөніндегі жобаны басқару.<br>3. Отандық АТ-мамандарды даярлау:<br>1) Ақпараттық технологиялар мен менеджмент саласында қашықтан және күндізгі оқыту оқу-консалтингтік орталығын дамыту;<br>2) Ақпараттық технологиялар мен менеджмент саласында қашықтан және күндізгі оқыту оқу-консалтингтік орталығының жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі жобаны басқару;<br>3) Ақпараттық техноло- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | гиялар Интернет-университетінің қазақстандық ақпараттық-білімдік ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу.<br>4. Ақпаратты-коммуникациялық технологияларды (АКТ) игеруде азаматтардың қызығушылығын қалыптастыру:<br>1) Ақпаратты-танымдық және іздеу порталдарында ақпараттық ресурстарды зияткерлік іздеу жүйесін дамыту;<br>2) Ақпараттық технологиялар саласындағы ақпаратты-танымдық веб-порталды дамыту;<br>3) Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету жөніндегі халықаралық сарапшылардың қатысуымен бейнеконференциялар, семинарларды ұйымдастыру;<br>4) БАҚ арқылы Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің бағдарламасының іс-шараларын іске асыру барысын жариялау:<br>- ҚР ақпараттық теңсіздікгі төмендету бағдарламасының іс-шараларын іске асыру барысын БАҚ арқылы мемлекеттік және орыс тілдерінде (жарнамалық материалдарды, PR-мақалаларды, ТД-роликтерді, баспа материалдарды-үнпарақтарды, плакаттарды және с.с. пайдалана отырып), Веб-сайттарды, "дөңгелек үстелдерді" жариялау;<br>- жобаны басқару.<br>5. Техникалық | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құралдарды сатып алу. 6. Лицензиалы бағдар-ламалық қамтамасыз етуді сатып алу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** 1) Қазақстан Республикасының 14 облысында, астана, Алматы қалаларында компьютерлік сауаттылыққа оқытылған халық 6,4%-дан кем емес;
2) отандық АТ-мамандарын даярлау және біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау;
3) халық үшін Интернет желісінде ақпараттарды ыңғайлы және сапалы іздеу;
4) халыққа веб-портал арқылы ақпараттық технологиялар саласындағы өзекті және танымдық ақпараттарды беру;
5) Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасының іс-шараларын іске асыру барысын мемлекеттік және орыс тілдерінде ірі ауқымды жариялау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК